

**«Павлодар қаласы №19 жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Мектеп асханасының тамақтану сапасын тексеру актісі 25.02.2022ж.**

Біз, мектеп әкімшілігі: мектеп директоры Бекбаева А.Т., ДТІЖО Саденова Р.Ж., әлеуметтік педагог З.Е. Есебаева., медбике Кусаинова А.У., ата-аналар комитетінің төрайымы Р.А. Боранбаева және Қамқорлық кеңесінің төрайымы И.Каримова 25 ақпан күні сағат 14.30-да мектеп асханасына рейд жүргіздік. Бұл рейдте жоспарға сәйкес жалпы мектептегі оқушылардың қалай тамақтанып жатқанын басқылау мақсатында жүргізілді.

Жалпы асханада 32 стол, 128 орындық және 4 холодильникпен т.б жабдықталған.

Тексеріс кезінде асхана жылы, таза, тамақ дайындайтын және тамақтарды сақтайтын орындары барлық талаптарға сай екенін анықтадық. Асхана қызметкерлерінің сырт келбеттері талапқа сай болды. Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Кезекші мұғалімдер кесте бойынша өздерінің кезекшілігін атқаруда. Бастауыш сынып оқушылары алдын – ала тапсырыстарын беріп, топпен келіп тамақтанады. Күнделікті ас мәзірі мектеп басшысының қолы мен мөрі басылған ілулі тұр. Сондай –ақ шағым жазу дәптерін қарап өтті. Дайындалған тағам ас мәзіріне сәйкес болды. Бракеражды журналда әр тамақтың сапасына баға беріліп толтырылған.

Ыстық тамақтан /ет, картоп, катлет/ т.б, салаттың мөлшері тексерілді. Бәрі нормаға сай.

Жалгер Г.К. Баймуханбетова оқушыларға шәйді үнемі ыстық күйінде берілуін және қақпағы жабулы болуын ескертілді. Тексеріс соңында ата-аналарға тамақтың құнарлығын өз көзімен көру үшін дәмің татып көру ұсынылды. Балаларға беріліп жатқан кашаның, котлеттің, компоттың, ыстық тамақтың т.б сол сияқты тағамдардың дәмін татып көрді. Ата-аналарға ұнады.

**Ұсыныс:**

1. Күнде тағамдардың менюге сәйкестігін қадағалау.
2. Сынып жетекшілері тегін тамақтанатын оқушылардың бақылау күнделігін күнде тексеру және толтырып отыру.
3. Әр дүйсенбі күні директордың жанындағы жиналыста тамақтану жөнінде мәліметтерді хабарлар отыру.

Мектеп директоры		А.Т. Бекбаева
Басшы орынбасары		Р.Ж. Саденова
Әлеуметтік педагог		З.Е. Есебаева
Жалгер:		Г.К. Баймуханбетова
Ата-аналар комитетінің төрайымы		Р.А. Боранбаева
Қамқорлық кеңесінің төрайымы		И.Каримова